



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Газет 1990 жылғы 21 шілденен бастап шығады
Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

www.shymkenta.kz



№24 (2325) Бейсенбі, 18 маусым 2026 жыл

АҚОРА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ҒАБИТ СЫЗДЫҚБЕКОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есепті тыңдады.

Ғабит Сыздықбековтің айтуынша, былтыр өңірлік жалпы өнім көлемі 5,7 триллион теңгеге жетіп, 11 пайызға ұлғайды. Шымкент аталған көрсеткіш арқылы өңірлер арасында екінші орын иеленіп отыр.

2025 жылы шаһар экономикасына 859,5 миллиард теңге инвестиция құйылды, оның 72 пайызы жекеге тиесілі. Жалпы өсім – 7,5 пайыз.

Сонғы үш жылда өнеркәсіп саласында құны 170 миллиард теңге болатын 50 жоба іске қосылып, 3,5 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

Белсенді кәсіпкерлік субъектілер саны 133 мыңға жетіп, олар шығарған өнім көлемі 4,7 триллион теңгені құрады. Оның өңірлік жалпы өнімдегі үлесі 41 пайыздан 56 пайызға артты.

Президентке биліктің төрт айдың қорытындысы бойынша негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң динамикасы сақталып отырғаны жөнінде баяндалды. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор 10,4 пайызға өсті. Бұл өнеркәсіп, құрылыс, сауда және көлік салаларында байқалды.

Мемлекет басшысына бұған дейінгі тапсырмаларының орындалуы барысы туралы ақпарат берілді. Қазіргі уақытта 200 орманға шайқалған заманауи перинаталдық орталық салынуда. Бөнді-ақ биыл 150 орындық оңалту орталығын пайдалануға беру жоспарланған.

35 мың жаңқуір саятын заманауи стадион, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық спорт түрлері мен бочкаға арналған мамандандырылған кешен құрылыстары жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларына жасады интеллект технологияларын енгізуге ерекше мән берілуде. Мемлекет басшысы Шымкент қаласын одан әрі дамыту және тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру бағытында бірқатар нақты тапсырма берді.

САПАЛЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – САЛАНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ

...Биыл қала аумағында 21,1 мың гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, 81 мың тонна өнім жинау көзделген. Мал шаруашылығы саласында да оң өсім байқалады. Қантар-сәуір айларында 2,5 мың тонна ет, 23,8 мың тонна сүт және 80,9 миллион дана жұмыртқа өндірілген. Жыл соңына қарай ет өндіру көлемін 7,7 мың тоннаға, сүтті 72,4 мың тоннаға және жұмыртқаны 246 миллион данаға жеткізу жоспарланып отыр. Бұл көрсеткіштер қаланың азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып қана қоймай, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуеті артып келе жатқанын көрсетеді.

Брифингте баға өсімінің алдын алу мақсатында бірқатар нақты шаралар жүзеге асырылып жатқаны да



ТАРИХЫН ЕРЕҢНЕН АРТҚАН Шаһар

Шымкенттіктер қала күнін тойлауды бастап кетті. Бұл күн қатардағы атаулы күн ғана емес. Шаһар тарихына көз жүгіртіп, жеткен жетістіктерін саралайтын, өткені мен бүгінгі келбетін сабақтастыратын ерекше күн. Қала тұрғындары шаһардың бүгінгі жетістіктеріне мақтанышымен қарап, болашағына сеніммен көз тастайды. Шымкенттің туған күні биыл көлемде аталып өтілуде. Мәдени-көпшілік іс-шаралар, гала-концерттер, көрмелер және спорттық жарыстар ұйымдастырылуда.



Археологиялық деректерге сүйенсек, қала тарихы 2200 жылдан асады. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан шаһар ғасырлар бойы сауда мен мәдениеттің, өркениеттің тоғысқан мекені болды. Бүгінде тарихы бай қаланың мол мұрасы сақтала отырып, сәулеті заманауи мегаполиске айналып келеді. Қала аумағында республикалық маңызы бар 7 және жергілікті маңызы бар 8 тарихи-мәдени ескерткіш мемлекет қорғауына алынған. Ежелгі «Ескі қалашық» аумағы қайта жаңғыртылып, бүгінде ашық аспан астындағы ірі тарихи-мәдени кешен ретінде қала тұрғындары мен туристердің сүйікті орындарының біріне айналды. 2018 жылы 19 маусымда Шымкентке республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілді. Осы тарихи шешім шаһардың жаңа даму кезеңіне жол ашты десек қателеспейміз.

АГРОСЕКТОР



айтылды. Атап айтқанда, тұрақтандыру қорының айналым механизмі аясында ірі сауда желілері мен тауар өндіруші кәсіпорындар арасында ұн, жұмыртқа, нан, сныр еті, тауық еті және құнбағым майы секілді негізгі өнімдер бойынша келісім-шарттар түзілген. Нәтижесінде, қаладағы 90-ға жуық сауда нүктесінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары белгіленген тұрақты бағамен сатылып жатыр...

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ



ҚАУІПТІ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ НАЗАРДА

ЖАҢА НЫСАНДАР БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУЫҒА КЕҢ ЖОЛ АШАДЫ



► 5-БЕТ

► 8-БЕТ

► 9-БЕТ

Шымкент қаласы
білім басқармасының
«Өмірлік қиын жағдайда жүрген
балаларды қолдау орталығы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение «Центр поддержки детей,
находящихся в трудной жизненной
ситуации» управления образования
города Шымкент

ИИК: KZ42070102KSN5801000, БИК: ККМФКЗ2А, БИН: 991140002988,

Шымкент қ. Тұран ауданы, Мамин- Сибиряк көшесі №6/3.

Тел.: 44-41-76, эл. адрес: balalardy.koldau@mail.ru

«13» 06 2026ж.

№ 296

АНЫҚТАМА

2026 жылдың маусым айының 13-і күні Қайырымдылық іс-шарасы аясы бойынша ДЕМЕУШІЛІККЕ ТАРТУ мақсатында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университетінің «Техникалық мамандықтар үшін шет тілі» кафедрасының магистр оқытушысы **Н.Ж.Серикбаеваның бастамасымен бірге** демеушілік жасаушы Шымкент қаласы, Нұртас мөлтек ауданы, Саяхат 145 көшесінде орналасқан **ЖК MobIT Group** жеке кәсіпкер Дәулетбек Д.Д. тарапынан **Шымкент қаласы білім басқармасының «Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы»** КММ-нің тәрбиеленушілеріне қайырымдылық көмек көрсетілді.

Аталған демеушілік көмек шеңберінде орталық тәрбиеленушілеріне 100 000 (жүз мың теңге) көлемінде заттай қайырымдылық көмек көрсетілгенін растайды. Аталған қаржыға үлкен көлемдегі 30 дана жол сөмкелері (дорожные сумки) алынды.

Демеушілерге көрсеткен қамқорлығы мен қолдауы үшін алғыс білдіреміз.

Директор **Н.Ж.Боранбаева.**

